

Арнайы экономикалық аймақтар мәселелері жөніндегі сарапшылық кеңес туралы ережені және оның құрамын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 3 қазандағы № 892 Қаулысы. Қүші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 13 қазандағы № 1159 Қаулысымен

Ескерту. Қүші жойылды - ҚР Үкіметінің 2011.10.13 № 1159 Қаулысымен.

"Қазақстан Республикасындағы арнайы экономикалық аймақтар туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 6 шілдедегі Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. Қоса беріліп отырған:

1) Арнайы экономикалық аймақтар мәселелері жөніндегі сарапшылық кеңес туралы ереже;

2) арнайы экономикалық аймақтар мәселелері жөніндегі сарапшылық кеңестің құрамы бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2007 жылғы 3 қазандағы

N 892 қаулысымен

бекітілген

Арнайы экономикалық аймақтар мәселелері жөніндегі сарапшылық кеңес туралы ереже

Осы Арнайы экономикалық аймақтар мәселелері жөніндегі сарапшылық кеңес туралы ереже (бұдан әрі - Ереже) "Қазақстан Республикасындағы арнайы экономикалық аймақтар туралы" Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі - Заң) сәйкес әзірленген және арнайы экономикалық аймақтарды құру, олардың жұмыс істеуі және тарату саласындағы мемлекеттік реттеуді жүзеге асыратын үәкілетті органның жанынан құрылатын сарапшылық кеңесті қалыптастыру тәртібін және оның қызметін айқындайды.

1. Жалпы ережелер

1. Арнайы экономикалық аймақтар мәселелері жөніндегі сарапшылық кеңес (бұдан әрі - сарапшылық кеңес) - арнайы экономикалық аймақтар құрудың немесе оларды таратудың орындылығы туралы қорытындыларды беру үшін арнайы экономикалық аймақтарды құру, олардың жұмыс істеуі және тарату саласындағы мемлекеттік реттеуді жүзеге асыратын орталық атқарушы органның жанынан құрылатын консультативтік-кеңесші орган.

2. Сарапшылық кеңес өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына, Қазақстан Республикасының Заңына, өзге де нормативтік құқықтық актілеріне, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

3. Сарапшылық кеңес мынадай функцияларды жүзеге асырады:

1) арнайы экономикалық аймақ (бұдан әрі - АЭА) құрудың қоршаған ортаға әсерін бағалай отырып, өтінімді, тұжырымдаманы, экономикалық негіздемесін және АЭА туралы немесе АЭА-ны мерзімінен бұрын тарату туралы ереженің жобасын ұсыну арқылы жергілікті және (немесе) орталық атқарушы органдардың, кәсіпкерлер қауымдастықтары мен одактарының арнайы экономикалық аймақтар құру туралы уәкілетті органға енгізілетін ұсыныстарын қ а р а й д ы ;

2) уәкілетті органға АЭА құру туралы не құрудың орынсыздығы туралы қ о р ы т ы н д ы н ы ұ с ы н а д ы ;

3) уәкілетті органға АЭА-ны мерзімінен бұрын таратудың орындылығы туралы қорытындыны ұсынады.

2. Сарапшылық кеңестің құру тәртібі

4. Сарапшылық кеңес мынадай құрамда құрылады және жұмыс істейді: сарапшылық кеңестің тәрағасы, сарапшылық кеңес тәрағасының орынбасары, жергілікті және (немесе) орталық атқарушы органдардың, уәкілетті органның, кәсіпкерлердің қауымдастықтары мен одактарының, ұлттық басқарушы компанияның, ұлттық компаниялардың өкілдерінен және сарапшылық кеңестің хатшысынан қалыптастырылатын сарапшылық кеңестің мүшелері. Сарапшылық кеңес отырысында сарапшылық кеңес мүшелерінің бастамашылығы бойынша мұдделі жергілікті атқарушы органдар мен ұйымдардың өкілдері дауыс беру құқығынсыз қ а т ы с а а л а д ы .

Уәкілетті органның басшысы сарапшылық кеңестің тәрағасы болып табылады, оның жанынан сарапшылық кеңес құрылады.

Арнайы экономикалық аймақтарды құру, олардың жұмыс істеуі және тарату мәселелеріне жетекшілік ететін уәкілетті орган басшысының орынбасары

сарапшылық кеңес төрағасының орынбасары болып табылады. Сарапшылық кеңес төрағасының функциялары, ол болмаған жағдайда төрағаның орынбасарына жүктеледі.

Сарапшылық кеңестің жұмыс органының функциясын жүзеге асыратын уәкілетті орган құрылымдық бөлімшесінің басшысы сарапшылық кеңестің хатшысы болып табылады.

3. Сарапшылық кеңес қызметінің тәртібі

5. Сарапшылық кеңес қызметін қамтамасыз етуді уәкілетті орган жүзеге асырады, оның жанынан сарапшылық кеңес құрылады.

6. Сарапшылық кеңес жұмыс органының функциясын оның шешіммен айқындалған уәкілетті органның құрылымдық бөлімшесі жүзеге асырады.

7. Сарапшылық кеңестің жұмыс органды:

1) оның отырыстары арасындағы кезенде сарапшылық кеңестің жұмысын ұйымдастырады;

2) сарапшылық кеңес отырыстарының материалдары мен хаттамаларын дайындауды жүзеге асырады;

3) сарапшылық кеңестің қорытындыларын дайындауды және оларға қол қоюды жүзеге асырады.

8. Сарапшылық кеңестің төрағасы:

1) сарапшылық кеңес жұмысына басшылық жасайды, сарапшылық кеңеске жүктелген міндеттерді орындауға жауапты болады;

2) сарапшылық кеңестің отырыстарында төрағалық етеді;

3) сарапшылық кеңестің жұмыс жоспарын және оның кезекті отырысының күн тәртібін бекітеді, қажет болған кезде сарапшылық кеңесті шақырады;

4) сарапшылық кеңестің отырыстары мен қорытындыларының хаттамаларына қол қояды.

9. Сарапшылық кеңестің шешімдері ашық дауыс берумен қабылданады және егер олар үшін сарапшылық кеңестің қатысушы мүшелері жалпы санының көпшілік дауысы берілсе, қабылданды деп саналады. Дауыстар тең болған жағдайда сарапшылық кеңестің төрағасы немесе ол болмаған жағдайда төрағаның орынбасары дауыс берген шешім қабылданды деп саналады.

Сарапшылық кеңестің шешімімен келіспеген жағдайда сарапшылық кеңестің мүшесі жазбаша түрде баяндалуы және сарапшылық кеңес отырысының хаттамасына қоса берілуі тиіс ерекше пікір білдіруге құқығы бар. Өндірістік немесе басқа себеп бойынша сарапшылық кеңес мүшесі болмаған жағдайда сарапшылық кеңес отырысының хаттамасында оның болмау себебі көрсетіледі.

10. Сарапшылық кеңестің отырыстары төраға бекіткен сарапшылық кеңестің жұмыс жоспарына сәйкес және осы Ереженің 8-тармағына сәйкес қажеттілігіне қарай тоқсанында кемінде бір рет өткізіледі.

11. Сарапшылық кеңестің шешімдері хаттамалық шешім түрінде ресімделеді және ұсынымдық сипаты бар.

Сарапшылық кеңестің қорытындысы мыналарды:

1) экономиканы жаңғыртудың және Қазақстанның индустриялық-инновациялық дамуының мақсаттары мен міндеттеріне өтінімнің сәйкестігі туралы ақпаратты;

2) АЭА құрудың қоршаған ортаға әсерін бағалай отырып, өтінімі, тұжырымдамасы, экономикалық негіздемесі және АЭА туралы немесе АЭА-ны мерзімінен бұрын тарату туралы ереже жобасы туралы жалпы қорытындыны;

3) сарапшылық кеңестің шешімін - АЭА-ны құрудың орындылығы немесе орынсыздығы туралы немесе оны мерзімінен бұрын тоқтату туралы ұсынымдарды қамтуы тиіс.

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2007 жылғы 3 қазандары

N 892 қаулысымен

бекітілген

Ескерту. Құрамға өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.10.06 N 922 Қаулысымен.

Арнайы экономикалық аймақтар мәселелері жөніндегі сарапшылық кеңестің құрамы

Школьник	- Қазақстан Республикасының Индустрія және сауда министрі, төраға
Владимир Сергеевич	
Қосынов	- Қазақстан Республикасының Индустрія және сауда вице-министрі, төрағаның орынбасары
Алмас Олжабайұлы	
Цой	- Қазақстан Республикасы Индустрія және сауда министрлігі Индустріялық саясат департаментінің директоры, хатшы
Игорь Владимирович	
Ерғожин	- Қазақстан Республикасының Қаржы
Дәулет Еділұлы	вице-министрі
Бекетаев	- Қазақстан Республикасының Әділет
Марат Бақытжанұлы	вице-министрі
Құсайынов	- Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау вице-министрі
Марат Әпсеметұлы	

- Нұрашев
Тимур Бекболатұлы
төрағасы
- Қазақстан Республикасы Индустрія және сауда министрлігі Инвестиция комитетінің төрағасы
- Дәрібаев
Мұрат Амангелдіұлы
төрағасы
- Қазақстан Республикасы Индустрія және сауда министрлігі Өнеркәсіп комитетінің төрағасы
- Ақбердин
Рустам Александрович
департаментінің директоры
- Қазақстан Республикасы Индустрія және сауда министрлігі Кәсіпкерлікті дамыту департаментінің директоры
- Құсайынова
Айна Біржанқызы
директоры
- Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Қайта өндөу өнеркәсібін дамыту және ДСҰ жөніндегі департаментінің директоры
- Қамзебаева
Дариға Үсенқызы
орынбасары
- Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігінің Туризм мен спортты дамыту стратегиясы департаменті директорының орынбасары
- Рахымбекова
Салтанат Темірқұлқызы
департаментінің директоры
- Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі Стратегиялық жоспарлау және халықаралық ынтымақтастық департаментінің директоры
- Әділов
Төлебай Ақжігітұлы
бастығы
- Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігінің Орнықты даму және ғылыми-талдауды қамтамасыз ету департаменті орнықты даму және экологиялық бағдарламалар басқармасының бастығы
- Сәбиева
Айгүл Қасенқызы
бастығы
- Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі халықты жұмыспен қамту және көші-қон департаменті халықты жұмыспен қамту басқармасының бастығы
- Сармурзина
Раушан Ғайсақызы
Мұнай-химия департаментінің директоры
- Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі
- Байғабұлов
Сәдуақас Нығметоллаұлы
- Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Мемлекеттік

санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау
комитеті ұйымдастырушылық-құқықтық жұмыс
басқармасының бастығы

- Хайдарғалиева - Қазақстан Республикасы Энергетика және
Шолпан Ахметқызы минералдық ресурстар министрлігінің
Мұнай-химия департаменті мұнай-химия
өнеркәсібі басқармасының бастығы
- Нұрбекова - Қазақстанның салық төлеушілер
Гүлайым Маратқызы қауымдастығының атқарушы директоры
(келісім бойынша)
- Радостовец - республикалық тау-кен байыту және тау-кен
Николай Владимирович металлургия кәсіпорындары қауымдастығының
атқарушы директоры (келісім бойынша)
- Дьяченко - "Қазына" орнықты даму қоры" акционерлік
Олег Сергеевич қоғамы Инвестицияларды дамыту
департаментінің директоры (келісім
бойынша)
- Швидюк - Қазақстан кәсіпкерлері форумы төрағасының
Владимир Федорович кеңесшісі, жобалау-сарапшылық тобының
жетекшісі (келісім бойынша)
- Цой - "Шағын және орта бизнесті дамыту
Эдуард Давыдович федерациясы" заңды тұлғалар одағының
Астана қаласы бойынша филиалының
директоры (келісім бойынша)
- Ошақбаев - "Сарыарқа" әлеуметтік-кәсіпкерлік
Рахым Сәкенұлы корпорациясы" ұлттық компаниясы"
акционерлік қоғамының атқарушы
директоры (келісім бойынша)